

"Облыстың аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу" электрондық мемлекеттік қызмет регламентін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы әкімдігінің 2012 жылғы 28 қарашадағы № А-12/564 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 3 қаңтарда № 3580 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2013 жылғы 3 маусымдағы № А-5/225 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 03.06.2013 № А-5/225 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

«Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1 бабының 4-тармағына, «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 29 бабына сәйкес Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Облыстың аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу» электрондық мемлекеттік қызметінің қоса берілген **р е г л а м е н т і** **б е к і т і л с і н .**

2. «Облыс аумағында таратылатын шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын есепке алу» электрондық мемлекеттік қызметінің регламентін бекіту туралы» Ақмола облыс әкімдігінің 2012 жылғы 5 наурыздағы № А-3/98 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3426 болып тіркелген, 2012 жылғы 16 маусымдағы «Ақмолинская правда», «Арқа ажары» газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Облыс әкімдігінің осы қаулысы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімінің м.а.

Д.Әділбеков

«КЕЛІСІЛДІ»

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Көлік және коммуникация министрі

А.Жұмағалиев

А қ м о л а о б л ы с ы

ә к і м д і г і н і ң

2 0 1 2 ж ы л ғ ы

2 8 қ а р а ш а д а ғ ы

№ А - 1 2 / 5 6 4

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**«Облыстың аумағында таратылатын
шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу»
электрондық мемлекеттік қызмет регламенті**

1. Жалпы ережелер

1. «Облыстың аумағында таратылатын шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын есепке алу» электрондық мемлекеттік қызметі (бұдан әрі – электрондық мемлекеттік қызмет) «Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесімен халыққа қызмет көрсету орталықтары (бұдан әрі – Орталық) арқылы, сонымен қатар «электронды үкімет» www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – ЭҮП) арқылы көрсетіледі.

2. Электрондық мемлекеттік қызмет «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 маусымдағы № 561 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы және мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2315 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 9 қазандағы № 1278 Қаулысымен бекітілген «Облыс (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу» мемлекеттік қызмет стандарты (бұдан әрі - Стандарт) негізінде жүзеге асырылады.

3. Электрондық мемлекеттік қызметті автоматтандыру дәрежесі: ішінара автоматтандырылған.

4. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсетудің түрі: транзакциялық.

5. Осы Регламентте пайдаланылатын ұғымдар мен қысқартулар:

1) жеке сәйкестендіру нөмірі – жеке тұлға, оның ішінде өзіндік кәсіпкерлік түрінде қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір (бұдан әрі – ЖСН);

2) бизнес-сәйкестендіру нөмірі – заңды тұлға (филиал және өкілдікке) бірлескен кәсіпкерлік түріндегі қызметін жүзеге асыратын және дара кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір (бұдан әрі – БСН);

3) тұтынушы – электрондық мемлекеттік қызмет көрсетілетін жеке немесе заңды тұлға;

4) транзакциялық қызмет – электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдана отырып ақпаратпен өзара алмасуды талап ететін, пайдаланушыларға электрондық ақпараттық ресурстарды беру жөніндегі қызмет;

5) «электрондық үкіметтің» веб-порталы - нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық біріктірілген үкіметтік ақпаратқа және электрондық мемлекеттік

қызметтерге қол жеткізу бірыңғай терезесі болып табылатын ақпараттық жүйе (б ұ д а н ә р і - Э У П) ;

6) «Электронды үкіметтің» шлюзі – электронды қызметті іске асыру шеңберінде «электрондық үкіметтің» ақпараттық жүйелерін ықпалдастыруға арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ЭУШ);

7) электрондық цифрлық қолтаңба - электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен құрылған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиістігін және мазмұнының өзгермейтінін растайтын электрондық цифрлық символдар жинағы (бұдан әрі - ЭЦҚ);

8) электрондық құжат – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған және ЭЦҚ арқылы куәландырылған құжат;

9) мемлекеттік электрондық қызмет - ақпараттық технологияларды қолдана отырып, электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызмет;

10) ақпараттық жүйе – аппараттық - бағдарламалық кешенді қолдана отырып ақпаратты сақтауға, өңдеуге, іздеуге, таратуға, беруге және ұсынуға арналған жүйе (б ұ д а н ә р і - А Ж) ;

11) «Жеке тұлғалар» мемлекеттік деректер базасы – Қазақстан Республикасында жеке тұлғаларды бірыңғай сәйкестендіруді енгізу және олар туралы өзекті және дұрыс мәліметтерді мемлекеттік басқару органдарына және басқа да субъектілерге олардың өкілеттіктерінің шеңберінде және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұсыну мақсатында ақпаратты автоматтандырып жинауға, сақтауға және өңдеуге, Ұлттық жеке сәйкестендіру нөмірлері тізілімін құруға арналған автоматтандырылған жүйе (бұдан әрі – ЖТ М Д Б) ;

12) «Заңды тұлғалар» мемлекеттік деректер базасы – Қазақстан Республикасында заңды тұлғаларды бірыңғай сәйкестендіруді енгізу және олар туралы өзекті және дұрыс мәліметтерді мемлекеттік басқару органдарына және басқа да субъектілерге олардың өкілеттіктерінің шеңберінде және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұсыну мақсатында ақпаратты автоматтандырып жинауға, сақтауға және өңдеуге, Ұлттық бизнес сәйкестендіру нөмірлері тізілімін құруға арналған автоматтандырылған жүйе (бұдан әрі – ЗТ М Д Б) ;

13) пайдаланушы – ақпараттық жүйеге оған қажет электрондық ақпараттық ресурстарды алу үшін жүгінетін және оларды пайдаланатын субъект (алушы, қ ы з м е т б е р у ш і) ;

14) «электронды үкіметтің» аймақтық шлюзі – электрондық қызметтерді жүзеге асыру аясында «электрондық әкімдікке» ақпараттық жүйелерді интеграциялауға арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ЭУАШ);

15) құрылымдық-функционалдық бірліктер – қызмет көрсету үдерісіне

қатысатын, мемлекеттік органдардың, мекемелердің құрылымдық бөлімшелерінің немесе басқа ұйымдар мен жүйелердің тізбесі (бұдан әрі – ҚФБ);

16) Қазақстан Республикасының халыққа қызмет көрсету орталықтарының ақпараттық жүйесі – халыққа (жеке және заңды тұлғаларға), сондай-ақ тиісті министрліктер мен ведомстволардың Қазақстан Республикасының халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы қызмет ұсыну үдерісін автоматтандыруға арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ХҚКО АЖ);

17) БНАЖ - Бірыңғай нотариалдық ақпараттық жүйе;

18) АЖО - автоматтандырылған жұмыс орны.

2. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі қызмет көрсетушінің қызмет көрсету тәртібі

6. Қызмет көрсетушінің ЭҮП арқылы әрбір қадамдық әрекеттері мен шешімдері (электрондық мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі функционалдық өзара әрекеттесудің № 1 диаграммасы) осы Регламенттің 2-қосымшасында келтірілген:

1) тұтынушы ЖСН/БСН және парольдің көмегімен ЭҮП-да тіркелуді жүзеге асырады (ЭҮП-да тіркелмеген тұтынушылар үшін жүзеге асырылады);

2) 1-үдеріс – тұтынушының ЖСН/БСН және парольді енгізу үдерісі (авторластыру үдерісі) ЭҮП-да қызметті алу үшін;

3) 1-шарт - ЭҮП-да ЖСН/БСН және пароль арқылы тіркелген тұтынушы туралы деректердің дұрыстығын тексеру;

4) 2-үдеріс – тұтынушының деректерінде бұзушылықтар бар болуына байланысты авторластырудан бас тарту туралы хабарламаны ЭҮП-те қалыптастыру;

5) 3-үдеріс – тұтынушының осы Регламентте көрсетілген қызметті таңдап алуы, қызмет көрсету үшін экранға өтінім түрін шығаруы және тұтынушының оның құрылымы мен форматтық талаптарын ескере отырып, форма (деректерді енгізу) толтыруы, сондай-ақ өтінім нысанына Стандарттың 11 тармағында көрсетілген құжаттардың керекті көшірмелерін электронды түрде бекіту, сондай-ақ, тұтынушының өтінімге қол қою үшін ЭЦҚ тіркеу куәлігін таңдап алуы;

6) 2-шарт – ЭҮП-де ЭЦҚ тіркеу куәлігінің қолданыс мерзімін және қайтарып алынған (жойылған) тіркеу куәліктерінің тізімде жоқ екендігін, сондай-ақ сәйкестендіру деректерінің (сұрау салуда көрсетілген ЖСН/БСН мен ЭЦҚ тіркеу куәлігінде көрсетілген ЖСН/БСН арасындағы) сәйкестікті тексеру;

7) 4-үдеріс – тұтынушының ЭЦҚ нақтылығы расталмауына байланысты өтінім жасалған қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны

қ а л ы п т а с т ы р у ;

8) 5-үдеріс – тұтынушының ЭЦҚ арқылы қызмет көрсету үшін сұранысын растау және электрондық құжатты (өтінімді) ЭҮШ /ЭҮАШ арқылы ЭҮАШ АЖО-ға қызмет көрсетушінің өңдеуі үшін жолдау;

9) 6-үдеріс – электрондық құжатты ЭҮАШ АЖО-ға тіркеу;

10) 3-шарт – Стандартта көрсетілген және қызмет көрсетуге арналған негізіне қызмет көрсетушімен тұтынушы қоса берген құжаттардың сәйкестігін тексеруі;

11) 7-үдеріс – тұтынушының құжаттарында бұзушылықтар бар болуына сұратылатын қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

12) 8-үдеріс – тұтынушының ЭҮП қалыптастырған қызмет нәтижесін (электрондық құжат түрінде анықтама) алуы. Электрондық құжат қызмет көрсетушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ пайдалана отырып қалыптастырылады.

7. Орталық арқылы қызмет көрсетушінің әрбір қадамдық әрекеттері мен шешімдері (электрондық мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі өзара функционалдық әрекеттердің № 2 диаграммасы) осы Регламенттің 2-қосымшада к е л т і р і л г е н :

1) 1-үдеріс – Орталық операторының ХҚКО АЖ АЖО-ға қызметті алу үшін логин мен пароль енгізу (авторизациялау үдерісі);

2) 2-үдеріс – Орталық операторының осы Регламентте көрсетілген қызметті таңдап алуы, қызметті көрсетуге сұрау салу нысанын экранға шығаруы және Орталық операторымен тұтынушының сұрау салу нысанын (деректерді енгізу) сонымен қатар тұтынушының сенімхат бойынша өкілінің деректерін (нотариуспен расталған сенімхат және басқа түрде расталған сенімхат бойынша – деректер е н г і з і л м е й д і);

3) 3-үдеріс – ЭҮШ арқылы ЖТ МДБ /ЗТ МДБ-ға алушының деректері және сонымен қатар алушының сенімхат бойынша өкілінің деректері туралы БНАЖ-не с ұ р а н ы м д ы ж о л д а у ;

4) 1-шарт – ЖТ МДБ/ЗТ МДБ-да алушының және сонымен қатар өкілінің БНАЖ-не деректерінің бар болуына тексеру;

5) 4-үдеріс – алушы деректерінің ЖТ МДБ/ЗТ МДБ-да, БНАЖ-да сенімхат деректерінің болмауына байланысты деректерді алу мүмкін болмауы туралы х а б а р л а м а н ы қ а л ы п т а с т ы р у ;

6) 5-үдеріс – Орталық операторының сұрау салу нысанының қағаз нысандағы құжаттардың болуы туралы бөлігін толтыруы және алушы ұсынған құжаттарды сканерден өткізуі, оларды сұрау салу нысанына тіркеуі және толтырылған қызметті көрсету сұрау салу нысанын (енгізілген деректерді) ЭЦҚ арқылы к у ә л а н д ы р у ;

7) 6-үдеріс – Орталық операторының ЭЦҚ-мен куәләндырылған (қол қойылған) электрондық құжатты (алушының өтінімін) ЭҮШ/АЭҮШ арқылы

қосымшасында – шығыс нысандарының форматтық-логикалық бақылауының және электрондық мемлекеттік қызметке хабарландырудың ережелері.

15. Тұтынушыларға қызмет көрсету үдерісіне қойылатын талаптар:

- 1) құпиялылығы (санкцияланбаған ақпарат алудан қорғау);
- 2) тұтастығы (ақпаратты санкцияланбаған өзгертуден қорғау);
- 3) қол жетімділік (ақпарат пен ресурстарды санкцияланбаған ұстап қалудан қ о р ғ а у) .

16. Қызмет көрсетудің техникалық шарты:

- 1) Интернетке шығу;
- 2) қызмет көрсетілетін тұлғада ЖСН/БСН болуы;
- 3) ЭҮП-пен авторластыру;
- 4) пайдаланушыда ЭЦҚ болуы.

17. Тұтынушыларға қызмет көрсету нәтижелері осы Регламенттің 6-қосымшасына сәйкес сапа және қолжетімдік көрсеткіштерімен өлшенеді.

«Облыстың аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу» электрондық мемлекеттік қызметінің регламентіне 1-қосымша

Іс-әрекеттерді (рәсімдер, функциялар, үдерістері) кезектілігінің мәтінді кестелі сипаты

1-кесте. ЭҮП арқылы әрекеттерінің сипаттамасы.

1	Іс-әрекеттің барысының, жұмыс ағынының) №	2	3	4	
2	ҚФБ атауы	Тұтынушы	ЭҮП	Тұтынушы	ЭҮП
3	Іс-әрекеттің үдерістің, операцияның, рәсімнің) атауы және олардың сипаттамасы	ЖСН/БСН және пароль бойынша ЭҮП-та авторландырылады	Тұтынушының деректерінде бұзушылықтар болуына байланысты авторластырудан бас тарту туралы хабарламаны қалыптастырады	Қызметті таңдайды және тұтынушымен түрін толтыруы және тұтынушымен ЭЦҚ тіркеу куәлігін таңдап алуы	Тұтынушының ЭЦҚ деректерінде бұзушылықтар бар болуына байланысты өтінім жасалған қызметі көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастырады
4	Аяқтау нысаны (деректер, құжат,	Сұранымның ойдағыдай қалыптастырылғандығы	Сұраныс жасалған электрондық мемлекеттік қызмет көрсетуден бас	Сұранысты бағдарлау	Сұраныс жасалған электрондық мемлекеттік қызмет көрсетуден

	ұйымдық-өкімдік шешім)	туралы мәлімдеменің бейнеленуі	тарту туралы хабарламаны қалыптастыру		бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру
5	Орындалу мерзімі	30 сек – 1 минут	30 сек	1,5 мин	1,5 мин
6	Келесі әрекеттің нөмірі	2 – егер тұтынушының деректерінде бұзушылықтар болса; 3 – егер авторландырылу ойдағыдай өтсе	–	4 - егер тұтынушының деректерінде бұзушылықтар болса; 5 – егер бұзушылықтар болмаса	-

кестенің жалғасы

5	6	7	8
Тұтынушы	ЭҰАШ АЖО	ЭҰАШ АЖО	ЭҰАШ АЖО
ЭЦҚ-мен сұрау салуды куәландіру (қол қою) және тұтынушының өтінімін АЭҰШ АЖО-ға жолдау;	ЭҰАШ АЖО-да құжатты тіркеу	Тұтынушының құжаттарында бұзушылықтар бар болуына байланысты өтінім жасалған қызметі көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастырады	Тұтынушының қызмет нәтижесін алуы
Сұранысты бағдарлау	Өтініш білдірушіге нөмір беру арқылы сұранысын тіркеу	Дәлелді бас тартуды қалыптастыру	Шығу құжатын бейнелеу
30 сек – 1 минут	1 минут	30 сек	10 күн
-	7 - егер тұтынушының деректерінде бұзушылықтар болса; 8 – егер бұзушылықтар болмаса	-	-

2-кесте. Орталық арқылы әрекеттердің сипаты

1	Ис-әрекеттің (барысының, жұмыс ағынының) №	1	2	3	4
2	ҚФБ атауы	ХҚҚО АЖ АЖО	Орталық операторы	Орталық операторы	ЖТ МДБ/ЗТ МДБ, БНАЖ
3	Ис-әрекеттің үдерістің, операцияның, рәсімнің) атауы және олардың сипаттамасы	Орталық операторы логин және пароль бойынша авторландырылады	Қызметті таңдайды және сұрау салу нысанына деректерін енгізеді	Сұранысты ЖТ МДБ/ЗТ МДБ, БНАЖ-ға бағыттау	Алушының деректері жоқ болуына байланысты дерек алуға мүмкіндік жоқтығы туралы хабарламаны қалыптастырады


4	Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-өкімдік шешім)	Сұранысты өтінішке нөмір бере отырып жүйеге тіркеу	Сұраныстың ойдағыдай қалыптастырылғандығы туралы мәлімдеменің бейнеленуі	Сұранысты бағдарлау	Дәлелді бас тартуды қалыптастыру
5	Орындалу мерзімі	30 сек – 1 минут	30 сек	1,5 мин	1,5 мин
6	Келесі әрекеттің нөмірі	2	3	4 - егер тұтынушының деректерінде бұзушылықтар болса; 5 – егер бұзушылықтар болмаса	-

кестенің жалғасы


5	6	7	8	9
Орталық операторы	Орталық операторы	ЭҰАШ АЖО	ЭҰАШ АЖО	ЭҰАШ АЖО
Сұрау салу түрін толтыруы сканерден өткізілген құжаттарды оған тіркеу және толтырылған түрін ЭЦҚ арқылы куәландыру	ЭЦҚ-мен куәландыру (кол кою) және алушының өтінімін А Э Ұ Ш А Ж О -ға жолдау	Құжатты тіркеу	А л у ш ы құжаттарында бұзушылықтар бар болуына байланысты қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру	Алушымен қызмет нәтижесіне алуы
Сұраныстың ойдағыдай қалыптастырылғандығы туралы мәлімдеменің бейнеленуі	Сұранысты бағдарлау	Сұранысты өтінішке нөмір бере отырып жүйеге тіркеу	Дәлелді бас тартуды қалыптастыру	Қызмет көрсету нәтижесін – анықтаманы қалыптастыру
30 сек – 1 минут	1 минут	1 минут	30 сек – 1 минут	10 күн
-		8 - егер тұтынушының деректерінде бұзушылықтар болса - ; 9 – егер бұзушылықтар болмаса		

«Облыстың аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу» электрондық мемлекеттік қызметінің регламентіне 2-қосымша


Электрондық мемлекеттік қызметті ЭҰП арқылы көрсету кезіндегі функционалдық өзара әрекеттесудің № 1 диаграммасы



Электрондық мемлекеттік қызметті ХҚКО АЖ арқылы көрсету кезіндегі функционалдық өзара әрекеттесудің № 2 диаграммасы



Шартты белгілер:



«Облыстың аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу» электрондық мемлекеттік қызметінің регламентіне 3-қосымша

Электрондық мемлекеттік қызметке өтініштің экрандық нысаны (қағаз нұсқасын қараңыз)

«Облыстың аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу» электрондық мемлекеттік қызметінің регламентіне 4-қосымша

Шығыс құжатының нысаны (қағаз нұсқасын қараңыз)

«Облыстың аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу» электрондық мемлекеттік қызметінің регламентіне 5-қосымша

Шығыс нысандарының форматтық-логикалық бақылауының және электронды мемлекеттік қызметке хабарландырудың ережелері

Жүгінуші: жеке, заңды тұлға:

№	Өтініш нысанындағы алаңшалар	Міндетті түрде/ Міндетті түрде емес	Мөлшерге нысандық-логикалық бақылау	Нысан
1	Таратушы ЖК/заңды тұлғаның атауы	Міндетті түрде	жоқ	Символдық
2	Ұйымдық -құқықтық нысан	Міндетті түрде	жоқ	Символдық
3	ЖСН/БСН	Міндетті түрде	12	Сандық
4	Таратушының тіркелу орны	Міндетті түрде	жоқ	Символдық
5	Таратушының нақты мекенжайы	Міндетті түрде	жоқ	Символдық
6	Таратушының телефоны	Міндетті түрде	15	Сандық
7	Электрондық пошта	Міндетті түрде емес	жоқ	Символдық
8	Басшының/ЖК аты-жөні	Міндетті түрде	жоқ	Символдық
9	Шетелдік мерзімді баспа басылымдары атауларының тізімі	Міндетті түрде	жоқ	Символдық
10	Таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарының таратылу аумағы	Міндетті түрде	жоқ	Символдық
11	Таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарының тілі (тілдері)	Міндетті түрде	жоқ	Символдық
12	Негізгі тақырыптық бағыты	Міндетті түрде	жоқ	Символдық
13	Мерзімділігі	Міндетті түрде	жоқ	Символдық
14	Таратылатын даналардың болжалды саны	Міндетті түрде	6	Сандық
15	Мерзімі	Міндетті түрде	8	Сандық

«Облыстың аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу» электрондық мемлекеттік қызметінің регламентіне 6-қосымша

Электрондық мемлекеттік қызметтерінің «сапа» және «қолжетімділік» көрсеткіштерін айқындауға арналған сауалнама нысаны

(қызметтің атауы)

1. Сіз электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үдерісінің сапасына және нәтижесіне қанағаттандыңыз ба?

- 1) қанағаттанбадым;
- 2) ішінара қанағаттандым;
- 3) қанағаттандым.

2. Сіз электрондық мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпараттың сапасына қанағаттандыңыз ба?

- 1) қанағаттанбадым;
- 2) ішінара қанағаттандым;
- 3) қанағаттанандым.